



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АГАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
Абай облысы білім басқармасының  
«Геодезия, картография және құрылымдар колледжі» КМКҚ

КЕЛІСІЛГЕН

Директордың тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасарының м.а.  
*А.Ж. Исабекова*  
«08 10 2024 ж.



«СТУДЕНТТИК ПАРЛАМЕНТ»  
білім алушылардың өзін-өзі басқару үйімінің  
қызметі туралы ереже

Семей қаласы  
2024-2025 оқу жылы

## **I тарау. Жалпы ережелер**

- 1.1. Студенттік парламент – білім алушының өзін-өзі басқарудың бірынғай органы ретінде студенттік тіршілік әрекетінің маңызды мәселелерін шешуге, студенттік жастардың пайдалы бастамаларын қолдауга және әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған студенттердің ынталы дербес қоғамдық қызметінің формасы.
- 1.2. Студенттік өзін-өзі басқару органы – студенттік парламент (бұдан әрі – Парламент) білім беру үйымдарының студенттерінің бастамасы бойынша білім алушылардың мұдделерін білдіру үшін тұрақты жұмыс істейтін үйлестіруші орган ретінде құрылады және осы Ереже негізінде әрекет етеді.
- 1.3. Студенттік парламент қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) студенттік өзін-өзі басқару органының – студенттік парламенттің мақсатын, міндеттерін, құрылымын, қызметін қалыптастыру және үйымдастыру тәртібін, құқықтары мен міндеттерін айқындайды.
- 1.4. Студенттік парламент білім алушыларға маңызды мәселелерін шешуге, оның әлеуметтік белсенділігін дамытуға, әлеуметтік бастамаларды қолдауга бағытталған студенттік өзін-өзі басқарудың бастамашыл, дербес, жауапты қоғамдық нысаны болып табылады.
- 1.5. Әрбір білім алушы осы Ережеге сәйкес Парламент активін сайлауға және оған сайлануға құқылы.
- 1.6. Парламенттің қызметі мен шешімдері білім беру үйымының барлық білім алушыларына бағытталған және қолданылады.
- 1.7. Парламент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **II тарау. Парламенттің мақсаты мен міндеттері**

### **2.1. Мақсаттары:**

- Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту;
- Әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мұддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

- Білім алушылардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындастын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

## **2.2. Міндеттері:**

- Білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және оз бетінше әрекет етуін іске асыру;
- Білім алушылардың құқықтары мен мұдделерін қоргауга, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мұдделерін қозгайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;
- Оқу ордасының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын үйімдастыруда, салауатты өмір салтын насиҳаттауда көмек көрсету;
- Білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;
- Оқу орнының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мұлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;

## **III тарау. Парламент құрылымы.**

3.1. Студенттік парламент барлығы 8 фракциядан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).
7. Дебат қозғалысының фракциясы.
8. Экология және еңбек фракциясы.

3.2. ПРЕЗИДЕНТ – Парламент көшбасшысы. Президентті сайлауда білім алушылар мен білім беру үйімінің педагогтері сайлайды.

3.3. ПАРЛАМЕНТІНДА ЖОҒАРҒЫ ҮЙІМІ – фракциялар көшбасшыларының жалпы жиналышы.

3.4. Барлық 8 фракцияға да депутаттар сайланады. Колледж студенттері Парламент депутаттары бола алады. Президент пен парламент мүшелері бір оку жылы мерзіміне сайланады.

3.5. Парламент Президенттен, оның орынбасарларынан, парламент фракцияларының басшылары мен мүшелерінен тұрады. Қажет болған жағдайда Парламенттің шешімі бойынша оның құрамына білім алушылар арасынан Парламент мүшелері қосымша сайланады. Парламент мүшелерін сайлау топтардың жиналыстарында жүзеге асырылады.

3.8. Парламенттің басқарудың негізгі нысаны – жобалық менеджмент тетіктердің тиімді басқарудың әмбебап технологиясы.

3.9. Парламенттің жобалық қызметінің бағыттары: экологиялық, еріктілік, өлкетану, туристік, зияткерлік, экономикалық, спорттық, дебаттық, этномәдени, көркем-эстетикалық, музыкалық және басқа да шығармашылық жобалар.

3.10. Парламенттердің жобалау қызметін жүзеге асыру үшін колледждер базасында жобалау кеңселері (бұдан әрі – жобалау кеңселері) құрылады.

#### **IV тарау. Парламент президентінің қызметі.**

4.1. Парламент Президенті:

- Парламент қызметіне басшылық жасайды және өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады;
- Өз орынбасарлары, фракция көшбасшылары арасында міндеттердің бөледі және олардың қызметін үйлестіреді;
- Өз міндеттерін орындау кезінде білім беру үйымының басшылығы берген құқықтарды пайдаланады.
- Парламент Президенті қажет болған жағдайда білім беру үйымының түрлі алқалы органдарының отырыстарына қатысады.
- Парламент Президенті білім беру үйымының барлық алқалы органдарының жұмысына қатысады.

#### **V тарау. Студенттік парламент құқықтары мен міндеттері**

5.1. Парламент құқылы:

- білім беру үйымы білім алушыларының мұдделерін қозғайтын ережелерді, жұмыс жоспарларын әзірлеуге және жетілдіруге қатысуға;

- білім алушылардың мұдделерін қозғайтын әлеуметтік-тұрмыстық және қаржылық мәселелерді шешуге, оның ішінде білім беру үйымының қаражатын, дотацияларды және мәдени-бұқаралық және спорттық-сауықтыру іс-шараларына, демалуға және емделуге бөлінетін қаражатты бөлуге қатысуға;
- білім алушылардың білім беру үйымының оку тәртібі мен ішкі тәртіп қағидаларын, сондай-ақ студенттік жатақханаларды бұзына байланысты мәселелерді қарауға қатысуға;
- оку және оқудан тыс қызметтің әртүрлі салаларындағы жетістіктері үшін білім алушыларды көтермелеген жүйесін әзірлеуге және іске асыруға қатысуға;
- білім беру үйымы білім алушыларының өтініштері мен шагымдарын қарауға және талқылауға қатысуға;
- белгіленген тәртіппен білім беру үйымдарының ЖІК төрағасынан студенттік парламенттің қызметіне қажетті акпаратты сұрату және алу;
- білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін наразылықтың занды нысандарын анықтау және пайдалану;
- білім беру үйымдарының оқудан тыс іс-шараларын жоспарлауға, дайындауға, жүргізуғе және талдауға тікелей қатысуға;
- білім беру үйымдарында құрылатын клубтардың жұмысына қатысуға құқылы.

## 5.2. Парламент міндепті:

- білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талапшылдығын арттыруға, білім беру үйымдарының мүлкіне ұқыпты қарауға тәрбиелеуге, оку корпустарында және студенттік жатақханаларда оку тәртібі мен құқықтық тәртіпті нығайтуға, білім алушылардың азаматтық сана-сезімін арттыруға, борыш пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталған жұмыс жүргізуғе;
- білім беру үйымдарының Жарғысын және ішкі тәртіп қағидаларын орындау бойынша білім алушылармен жұмыс жүргізуғе;
- оқудан тыс қызметті үйымдастыру мәселелерінде білім беру үйымының басшылығына көмектесуге;
- Парламентке түсетін білім алушылардың барлық өтініштері мен арыздарын белгіленген тәртіппен уақтылы қарауға;
- Парламенттің оку жылына арналған ережесі мен қызмет жоспарына сәйкес жұмыс жүргізуғе;
- білім алушылардың әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдауға;
- қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауға, сондай-ақ білім алушылардың окуы мен демалуы үшін жағдайлар жасауға көмек көрсетуге;
- білім беру үйымы, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, өзге де үйымдар басшылығының алдында білім алушылардың мұдделерін білдіруге және қорғауға құқылы;

- білім беру үйымының басшылығын өз қызметі туралы хабардар етуге міндетті.

#### **VI тарау Студенттік парламент қызметін қамтамасыз ету**

6.1. Білім беру үйымының басшылығы Парламент қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасайды, бөлмелерді(кабинеттерді), байланыс құралдарын, үйымдастыру техникасын және басқа да қажетті материалдарды өтеусіз пайдалануга береді.